КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҰЙҒАРЫМ

2023 жылғы 23 қазан № 7119-23-00-2/9363 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.К.Жетібаев, талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ішкі істерминистрлігі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «SURAIGYR» атауымен әрекет етуші Ақерке Нұрайдарға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы бойынша азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ішкі істерминистрлігі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «SURAIGYR» атауымен әрекет етуші Ақерке Нұрайдарға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы бойынша сотқа жүгінді.

2023 жылғы 04 қыркүйек айында талап қою арызы толық қанағаттандырылды.

Сот шешіміндегі жіберілген қате жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді өз бастамасы бойынша түзете алады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 235-бабына сәйкес, сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

Сот шешімдегі қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзету туралы арызды сотқа арыз келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды..

Сот азаматтық істің құжаттарын зерделеп, келесі қорытындыға келді. Сот актісін шығару барысында қате жіберілгендігі анықталды, онда, шешімнің кіріспе бөлігінде істің номері дұрыс көрсетілмеген және шешімнің қарар бөлігінде мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы жауапкер болып табылмайтын тұлғадан қате өндірілген.

Осыған байланысы жоғарыда көрсетілген қате жазуды дұрыс көрсету үшін түзетуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 235-бабын басшылыққа ала отырып, сот

ҰЙҒАРДЫ:

2023 жылғы 04 қыркүйек айындағы талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ішкі істерминистрлігі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «SURAIGYR» атауымен әрекет етуші Ақерке Нұрайдарға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 23.10.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы бойынша келесі түзетулер енгізілсін:

- Шешімнің кіріспе бөлігінде - істің нөмірі №7119-23-00-2/9363;
- Шешімнің қарар бөлігінде - жауапкер «SURAIGYR» атауымен әрекет етуші Ақерке Нұрайдардан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін - деп көрсетілсін.

Жеке шағым, прокурордың өтінішхаты ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына келтіруге болады.

Судья: Жетибаев Ж.К.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 23.10.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство